TORAIGHYROV UNIVERSITY

2025–2026 оқу жылына
«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» КАФЕДРАСЫНЫҢ
САПА САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

• **А.Ф. Зейнулина** қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 3 монография жариялап, жалпы сомасы **3 4 00 000 млн теңгені** құрайтын «Тіл – ұлттық қазына» және «Тіл шебері» жобаларын жүзеге асырды. Жетекшілік еткен оқушысы республикалық олимпиадада III орын алды. Оқытушы «Қазақстанның құрметті профессоры» атағымен, «Ахмет Байтұрсынұлы», «Дара жол», «Ақпарат ардагері» төсбелгілерімен және бірқатар медальдармен марапатталды.

• **Б.Ә. Ысқақ** *«Қазақ әңгімесі: дәстүр және жаңашылдық»* монографиясын халықаралық IPR SMART цифрлық платформасында жариялады. Жалпы сомасы 1 066 184,7 **теңгені** құрайтын «Гранттық қаржыландыру бойынша қорытынды кешенді сараптама есебі» жобасын жүзеге асырды. Ғылыми мақалаларға, жобаларға және гранттық есептерге сараптама жүргізіп, **«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін»** төсбелгісіне ие болды.

• **М.А. Уайханова** ғылыми консультант ретінде қатысқан жоба **24 800 000 млн теңге көлеміндегі «Жас ғалым» грантын** жеңіп алды. Ғылыми жетістіктері үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің **«Ғылым үздігі»** құрметті дипломымен марапатталды.

• **З.С.Машрапова** сомасы **1 682 000 теңгені** құрайтын «Мемлекеттік тілде үздік қызмет көрсету» атты облыстық конкурсын ұйымдастырып орындады.

• **З.С. Машрапова** *«Нейролингвистика: таным мен тілдің тоғысы»*, **Ә.К. Қопаева** *«Когнитивті лингвистика және юмор»* оқу құралдарын шығарды. **Б.Р. Қожахметова мен К.Е. Қожахметова** *«Қазақ тілінің А2 деңгейіне арналған қазақша-ағылшынша жаттығулар жинағын»* әзірледі.

• **Е.А. Новоселова** Испаниядағы Кастилия-Ла-Манча университетінде **Erasmus+ халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасына** қатысты және Марғұлан университетінің магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

• **Г.А. Кривенко, Г.К. Шаикова, С.К. Шаймарданова, Б.Т. Куанышева, Б.Б. Оспанова және А.Ж. Сахариева** республикалық, облыстық және қалалық олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында сарапшы және қазылар алқасының мүшесі ретінде қызмет атқарды. Г.А. Кривенко жетекшілік еткен студенттер халықаралық конференцияда II және III дәрежелі дипломдарға ие болды.

• **А.Ж. Анесова** ғылыми жарияланымдар дайындап, студенттердің инновациялық зерттеулеріне жетекшілік етті және **«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін»** төсбелгісімен марапатталды. **Б.Р. Қожахметова, Н.А. Нуркина, З.С. Машрапова және Ә.К. Қопаева** ҚАЗТЕСТ бойынша С1 деңгейін растады.

«Үш тұғырлы тіл» кафедрасы меңгерушісі **А. Зейнулина**
Келісілді: жетекшілік ететін проректор

UNITED REGISTRAR OF SYSTEMS URS ISO 9001